



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

26.07.2023 ж.

1. Кіріспе

Түркістан облысы қоғамдық денсалық басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Түркістан облысы Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды ээне заңды тұлғаларды тіркеу бөлімінде 2019 жыл 16 тамызда қайта тіркеуден өтіп, заңды тұлғаға мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы берілген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 070340010032. Орналасқан жері: Шымкент қаласы, Ғ.Иляев көшесі 142А.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығы негізінде;

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» (бұдан әрі – орталық) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылдағы 13 маусымдығы №120-н/к бұйрығы;

2. Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Комиссия төрайымы:

В.Коржова - бас есепші

Комиссия мүшелері:

З.Кадирбекова - кадр бөлімінің бастығы

К.Абжаппарова - басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары

А.Маханова - жоспарлау экономика бөлімінің бастығы

А.Рахымбердықызы - заңгер

4. Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2022 жылдың 23 маусым – 2023 жылдың 23 маусым аралығы.

5. Ішкі талдау жүргізу барсында шектеу немесе кедергі жасау:

Орталық басшысы мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік сатып алу және құжаттамалық рәсімдеулері;
4. Ұйымдастыру-басқару қызметі.

Орталыққа қатысты:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Орталықтан шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін падалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазанындағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Орталық басшысымен 2022 жылы 23 маусым – 2023 жылдың 23 маусым аралығында 481 бұйрық шығарылған.

Жұмысқа қабылданған және шығарылған қызметкерлер:

2022 жылы 23 маусым – 2023 жылдың 23 маусым аралығында – дәрігерлер 8 адам, орта буын қызметкерлерінен 4 адам, кіші буын қызметкерлерінен бадам, өзге бөлімдерге - 5 адам қабылданған,

Дәрігерлер-14 адам, орта буын қызметкерлерінен 19 адам, кіші буын қызметкерлерінен 18 адам, өзге бөлімдерден 12 адам өз еркімен босатылған.

Жұмысқа қабылдау орта және кіші буын қызметкерлері ішкі конкурс нәтижесінде, ал әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері Шымкент қаласы жұмыспен қамту орталығы жолдамаларымен қабылданған.

Қызметкерлерді жұмыстан шығару сәтінде құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

Жұмыс берушінің қызметкерлері қолдау көрсету шаралары туралы (сыйақы, материалдық көмек және т.б.):

2022 жылы – барлық қызметкерлерге наурыз айында (бір рет), маусым айында (бір рет) желтоқсан айында (бір рет) сыйақы және наурыз айында (бір рет) сараланған төлем берілген. Сонымен қатар 26 қызметкерге материалдық көмек көрсетілген; 2023 жылы 23 маусымына дейін – барлық қызметкерлерге наурыз айында бір рет сыйақы және мамыр және маусым айында бір реттен сараланған төлем берілді. Сонымен қатар 16 қызметкерге материалдық көмек көрсетілген;

Жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары орын алмаған.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер: 2022 жылы 23 маусым – 2023 жылдың 23 маусым аралығында 56 қызметкерге тәртіптік жаза қолданылған. Тәртіптік жаза қолдану мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64 - 66 баптары негізінде жүзеге асырылған.

Басқарма қызметкерлерінің біліктілік талаптарының сәйкес келуі бойынша:

Кәсіпорынның медицина қызметкерлері тарапынан сертификат мерзімінің өтіп жұмыс жасау фактілері орын алмаған және сертификаттарының қолданылу мерзімдерінің аясында жұмыс жасауына тұрақты бақылау орнатылған. Ұйымның маман сертификатының мерзімі біткен дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлері жұмыстан дер кезінде бұйрықпен шеттетіледі. Ішкі талдау жүргізу барысында біліктілігі сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.

Демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған қызметкерлер туралы:

Орталықта қызметкерлердің жазбаша келісімімен демалыс және мереке күндері жұмысқа шақыртылған. Аталған күндерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 109-бабына сәйкес, еңбек ақылар төленген.

Қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған сәттерінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалынатын рәсімдер:

Медициналық ұйымдағы әкімшілік-шаруашылық қызметіне қатысты лауазымдарға қызметкерлерді ауысу тәртібімен жұмысқа қабылдауды тек халықты жұмыспен қамту орталықтарында, сол мамандық бойынша жұмыссыз адамдар болмаған кезде ғана Басқарманың келісімімен тағайындауға жол беріледі. Жұмысшыларды жұмысқа қабылдау іс-шараларын орындау мақсатында 2020 жылдың 17 қаңтарында жұмысшыларды жұмысқа қабылдау комиссиясы құрылып, №17 н/қ бұйрығы негізінде тиісті жұмыстар жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес, басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшысының орынбасарлары Д.Азимова, Т.Кочурова, К.Абжаппарованың лауазымдық міндеттерінде ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді, шаруашылық бөлімінің бастығы Н.Гасилкинаның лауазымдық міндеттерінде әкімшілік-шаруашылық функциялары бар.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Орталық қызметіне зиян келтіру мүмкін мүдделер қақтығысына байланысты төмендегі мәселелері бойынша заң бұзушылықтар анықталмады:

- қызметкердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты;
- Орталықта шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындағаны үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша;
- Орталықтағы мүліктерді пайдалана отырып заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

3. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру: Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары 2022-2023 жылға бекітілген, соған сәйкес құқықтық оқыту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілуде: нақтысы Орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде ұсынымдар (электронды құжат айналымына көшуді, түскен өтініштерді объективті, жан-жақты қаралуына қамтамасыз етуді, мемлекеттік сатып алулар жүргізілу барысында заң талаптарын сақтауды, бюджет қаржысының негізсіз жаратылып, жымқырылуына жол бермеу фактілерін болдырмау және алдын-алуды, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау-босату (лауазымын төмендету), сыйақыны беру, үстемақы белгілеу, тәртіптік жаза қолдану кезінде артықшылықтарды (протекционизм, отбасылық) мен ерекше қазқарас танытпай еңбек заңнамаларын қатаң сақтауды) енгізіліп, орындалуды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функция Орталықтың заң кеңесшісі А.Рахымбердықызына жүктелген.

Орталықта барлық мемлекеттік қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған;

Талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бұзылған және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық қызметкерлер туралы:

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске ауыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 126-тармағын орындау мақсатында, Орталықтың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағанына тексеру жұмыстары жүргізіледі.

Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер анықталмады.

1.2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

Орталықтарда республикалық бюджет есебінен аталған кезеңге 3228999,0 мың, және жергілікті бюджет есебінен 623630,9 мың бөлініп толық игерілген.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдармен бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері:

2022 жылдың 31 наурызында «Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-мен 2019-2021 жж. аралығындағы кезеңге мемлекеттік қаражатының және мемлекеттік активтерін пайдалану тиімділігіне 10 ақпан мен 09 наурыз аралығында аудиторлық есеп жүргізілді.

Уәкілетті органның тексеру нәтижесінде кемшіліктер анықталды. Анықталған кемшіліктер бойынша жауапты қызметкерлердің жауапкершіктері қаралып, орталық тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

1.3. Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша:

1) Кәсіпорының ЖШС «ProCommunity Astana Orleu» - мен түзілген № 070340010032/220010/00 2022-01-20 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 80 000.00 теңгені құрайды.

2) Кәсіпорының «Учебный научно-производственный центр "Альтаир"» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220085/00 2022-03-02 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 69 000.00 теңгені құрайды.

3) Кәсіпорының «Social-i International Kazakhstan» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220185/00 2022-09-09 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 240 000.00 теңгені құрайды.

4) Кәсіпорының «Фарм СИНТЕЗ» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220029/01 2022-09-21 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 3 997 500.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарттар Мемлекеттік сатып алу заңының Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

1.4.1. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Жеке және заңды тұлғалармен тек мемлекеттік салып алулар веб порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған. 2015 ж. 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, аталған кезең бойынша мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 206 келісім-шарт жасалынды. Сонымен қатар «Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 Қаулысына сәйкес 140 келісім-шарт жасалды. Аталған үлгілік шартқа өзгеріс енгізу мүмкін емес. Сондықтан, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

1.4.2. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:

Басқарманың интернет желісінде парақшасы тіркелген.

Мемлекеттік сатып алулар толығымен мемлекеттік сатып алулар веб порталы арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар, орталықтың әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook) парақшалары ашылған және жарияланымдар тіркеліп отырады.

1.5. Сот процестері:

2022 жылдың 01 қаңтары мен 30 желтоқсан аралығында:

1) Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жауапкер ЖК «Исмагул»-ды жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы арызы бойынша талапкер ретінде қатысқан. Нәтижесінде 31.05.2022 жылы Орталықтың талап арызын қанағаттандыру туралы соттың шешімі шыққан.

2) Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жауапкер ЖК «ДАУРЕН»-ді жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы арызы бойынша талапкер ретінде қатысқан. Нәтижесінде 05.09.2022 жылы Орталықтың талап арызын қанағаттандыру туралы соттың шешімі шыққан.

3) Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жауапкер «Авторемстрой ЛТД» ЖШС-ны жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы арызы бойынша талапкер ретінде қатысқан. 14.03.2023 ж. Орталықтың талап арызын қанағаттандыру туралы соттың шешімі шыққан.

2023 жылды I-жартыжылдығында:

1) Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жауапкер «ЕКОМЕТ» ЖШС жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы арызы бойынша талапкер ретінде қатысқан. 26.06.2023 ж. Орталықтың талап арызын қанағаттандыру туралы соттың шешімі шыққан.

2) Шымкент қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жауапкер «Авторемстрой ЛТД» ЖШС келісім-шарттың талаптарын орындату туралы арызы бойынша талапкер ретінде қатысқан. 10.07.2023 ж. Орталықтың талап арызын қанағаттандыру туралы соттың шешімі шыққан.

Одан бөлек басқа сот процестерінде кемшіліктер анықталмады.

1.6. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Жеке және заңды тұлғалардан өтініштер өтініш тіркелген және уақытылы жауаптар берілген. Е-Өтініш бағдарламасы арқылы көрсетілген мерзім аралығында 2022 жылы 29 маусымда жеке тұлға Закирова Асолат Алиджановнадан 1(бір) арыз келіп түскен және 2023 жылы 06 наурызда «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласы бойынша филиалының директоры А.Ө.Кесебаевадан 1(бір) арыз келіп түскен.

Орталық тарапынан арызға жауап уақытылы берілді және жоғары тұрған уәкілетті органға шағым келтірілген жоқ. Заңды және жеке тұлғалардан өзге арыз-шағымдар келіп түспеген.

Ауызша немесе жазбаша шағымданған қызмет алушылар туралы:

Орталықтарда ауызша өтініштер қызметтерін алушылардың күнделікті жұмыс барысында шешімін тапқан.

Жазбаша шағымданғандар тіркелмеген.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс атқара біледі.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

1) Орталықтардың ішкі құжаттары:

Түркістан облысы Қаулысына сәйкес, тіркелген Жарғысы; Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама.

Ішкі еңбек тәртіп Ережелері; Лауазымдық нұсқаулық; Ұжымдық шарт.

Жұмысқа қабылдау сәтінде: Орталыққа дәрігерлер мен әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері Шымкент қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен, сонымен қатар орта және кіші буын қызметкерлерін ішкі конкурстық іріктеу арқылы жұмысқа қабылданады.

Қызметкерді жұмыстан шығару сәтінде құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдері анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

Жұмыс берушінің қызметкерлерге қолдау көрсету шаралары туралы (сыйақы, материалдық көмек және т.б.):

Жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары орын алған. Алайда құқықбұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Қызметтерге қосымша міндеттеме жүктеу немесе екі жұмысты қатар атқаратын қызметкерлер туралы:

Қызметкерлерге лауазымды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы №1193 қаулысының 18-қосымшасының негізінде төленеді.

Демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған қызметкерлер туралы:

Орталықтарда демалыс және мереке күндері жұмысқа шақыртылып отырған. Аталған күндері көбінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 85-бабының 2-тармағына сәйкес қызметкерлердің қалауы бойынша оларға басқа демалыс күні берілген.

Қалған бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 109-бабына сәйкес көрсетілген мөлшерде ақы төленген.

Қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған сәттерінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалатын рәсімдер:

Әңгімелесуге Ұйым басшысы, басшының орынбасарлары, байқау кеңесінің мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы және қатысты бөлім басшылары қатысады.

Адамдарды жұмысқа қабылдау кезінде заң бұзушылықтар анықталмады.

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру:

2022 жылдың орталықта «Еңбек биржасы» интернет ресурстары арқылы бос жұмыс орындарының бар екені туралы ақпаратты еңбек жағдайлары мен ақы төлеу шарттарын көрсетіп, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орналастырылған.

Қазақстан Республикасы «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ Заңының 28-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсетіп отыратын, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік порталы арқылы жіберуге міндетті.

Бос орындар пайда болған сәттен 5 жұмыс күні ішінде жарияламау, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 98-бабына сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық жасаған болып есептеледі.

Орталықта бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді уақытылы жарияламау фактілері бойынша құқықбұзушылықтар анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 15-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамытылатын ұйымдардың азаматтық қызметшілерінің, жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін бекітеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына сәйкес орталықтың қызметкерлеріне сыйақы беріледі. Басшылық тарапынан орталықтың қызметкерлерінің моральдық-психологиялық жай-күйіне көңіл бөлу және сыйақы беру кезінде объективтілікті қамтамасыз ету тұрақты бақылауға алынған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашасындағы № 410-V ҚР Заңының 22-бабының 1-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті екендігі туралы және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілердің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауының алдын-алу жөніндегі лауазымдық міндеттірін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болатыны туралы орталықтың

жалпыұжымдық жиналыстарында түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Сыбайлас және тұрмыстық жемқорлықтың алдын-алу және оларға жол бермеу мақсатында орталық аумағы бойынша және ғимараттардың ішінде жалпы саны 136 құрайтын бейнебақылау орнатылған және басшы тарапынан үнемі қадағалауда болады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бұзылған және сыбайлас жемқорлыққа құқықбұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-дан шағымдар анықталмады.

Қорытынды:

Орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмады;

Ұсынымдар:

- Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР Қылмыстық Кодексінің, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Заңын талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыруды;

- ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мәселесін үнемі талқылап отыруды.

Комиссия төрайымы:

В.Коржова

- бас есепші



Комиссия мүшелері:

З.Кадирбекова

- кадр бөлімінің бастығы



К.Абжаппарова

- басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау



жөніндегі орынбасары

А.Маханова

- жоспарлау экономика бөлімінің бастығы



А.Рахымбердықызы

- заңгер



*Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтаманың
№1 қосымшасы*

Ішкі талдаудың объектілері және басшысы

№	Объектінің атауы	Басшының аты-жөні	Басшылық етуді бастаған уақыт	Объектінің орналасқан мекен-жайы	Қысқаша атауы
1	«№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК	Налибаева Рахима Кенжебековна	2017ж.	Шымкент қаласы Ғ.Иляев көшесі 142А	№1 ОПО